


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,
Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,
С. Жанжігітов**

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М. Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Ә. Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы: Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

- мағынаны ауыстыру арқылы жаңа ассоциация тудыруға;
- сөздік қорды байытуға;
- сөйлеу мәдениеті мен тілдің көркемдік мүмкіндіктерін арттыруға;
- жаңа ұғымдарды атауға;
- халықтың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетін танытуға қызмет ететінін көрсетеді.

Метафора тек әдеби тәсіл ғана емес, тілдік жүйенің негізгі элементі және адамның танымдық әрекетінің көрінісі ретінде маңызды рөл атқарады.

Эмотивті метафоралар қазақ тілінде адамның эмоциялық тәжірибесін жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Олар тыңдаушының эмоционалдық әсерін күшейтеді, сөйлеушінің ойын нақтырақ және әсерлі жеткізеді. Сонымен қатар, олар адамның сезімін эстетикалық деңгейде көрсететін құрал ретінде көркем әдебиетте, публицистикада және ауызекі сөйлеуде кеңінен қолданылады.

Қазақ тіліндегі эмотивті метафоралар – ұлттық мәдениет пен дүниетанымның айқын көрінісі. Олар адамның эмоциялық тәжірибесін эстетикалық тұрғыдан жеткізумен қатар, тілдің семантикалық және коммуникативтік қызметін байытады.

Эмотивті метафораларды зерттеу қазақ тіл білімінің маңызды бағыттарының бірі деп есептейміз. Бұл зерттеу тілдің лексикалық байлығын арттырып, оны жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді. Болашақта эмотивті метафораларды корпус әдістерімен зерттеу олардың қолданылу аясын, жиілігін және тілдік жүйедегі рөлін нақтырақ анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 320 б.
2. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Арыс, 2004. – 272 б.
3. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
4. Хасанов Б. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 312 б.
5. Салқынбай А. Қазақ тіліндегі сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 200 б.
6. Омирбекова Ж.Қ. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Ғылым, 2005. – 180 б.

Д.Ғ. Тоқтасынова

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

1-курс студенті,

Астана қаласы, +77768600678 ,

toktasynova0120@gmail.com

«ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫНДАҒЫ» ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕТІСТІКТЕРІ: «ДИРСЕХАНҰЛЫ БҰҚАШ ТУРАЛЫ ЖЫР»

Аннотация. В данной статье рассматриваются глаголы общения в эпосе «Книга Коркута ата», в первом сюжете – «Сказание о сыне Дирсехана Букашжане». Глаголы общения проанализированы с точки зрения их роли в отражении культурных кодов, социальной структуры и морально-этических ценностей огузского общества. Особое внимание уделяется глаголам «дать» и «взять», которые, через свои сочетания, демонстрируют важные аспекты уважения к старшим, заботы о младших и других духовных традиций эпохи. Исследование показывает, что глаголы общения в эпосе не только передают действия, но и выступают носителями культурных и социальных установок. Анализ устойчивых выражений, таких как «дать имя» или «войти в белую юрту», помогает глубже понять мировоззрение и ритуалы огузского общества. Полученные результаты открывают новые перспективы для изучения лингвистических и культурных особенностей тюркских народов.

Ключевые слова: «Книга Коркута ата», глаголы общения, семантическое поле глаголов, культурный код.

Abstract. This article examines the communication verbs in the epic "The Book of Korkut Ata," focusing on the first tale, "The Story of Dirsehan's Son Bukash." The study analyzes communication verbs in terms of their role in

reflecting the cultural codes, social structure, and moral-ethical values of the Oghuz society. Special attention is given to the verbs "to give" and "to take," which, through their combinations, highlight significant aspects of respect for elders, care for juniors, and other spiritual traditions of the time.

The research reveals that communication verbs in the epic not only convey actions but also act as carriers of cultural and social norms. The analysis of fixed expressions, such as "to give a name" or "to enter a white yurt," provides deeper insights into the worldview and rituals of the Oghuz society. These findings open new perspectives for exploring the linguistic and cultural features of Turkic peoples.

Keywords: *"The Book of Korkut Ata," communication verbs, semantic field of verbs, cultural code.*

Қарым-қатынас етістіктері – тек тілдік бірліктер ғана емес, олар мәдениеттің, қоғамның құндылықтары мен дәстүрлерінің тасымалдаушысы. Жыр барысында қолданылған қарым-қатынас етістіктерінің семантикалық өрісін талдау арқылы туыстық, достық, немесе билеуші мен бағынышты арасындағы қатынастың қалай сипатталғанын зерттеуге болады. «Қорқыт ата кітабының» Дрезден нұсқасында берілетін алғашқы жыр «Дирсеханұлы Бұқашжан туралы жырында» қарым-қатынас етістіктері оғыз қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатынастарды, билік құрылымын, туыстық байланыстарды және моральдық-этикалық құндылықтарды бейнелейді.


М.Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегінде қарым-қатынас етістіктері тобындағы етістіктер деп заттар не адамдар арасындағы түрлі қатынастарды білдіретін семаларымен байланысты деп, оларды мынадай семантикалық топтарға бөледі: 1. Теңестіру мәнді етістіктер: қос, теңестір, салыстыр, бала, т. б. 2. Меншіктеу, тәуелдеу етістіктері: иемде, меніікте, жіп так, ие бол, т. б. 3. Амандасу, қоштасу етістіктері: амандасу, сәлемдесу, көрісу, танысу, қоштасу, қайырласу, т. б. 4. Құрметтеу, қадірлеу етістіктері: құрметте, қадірле, ізетте, құрмет көрсету, т. б. 5. Бастыру, бағындыру етістіктері: басқар, әмір жүргізу, сөз өткізу, т. б. 6. Бағыну етістіктері: көну, бас иіу, ырқына көну (жүру), бағыну, т. б. [1,189-190 бб.]

Қарым-қатынас етістіктері көбіне жалғыз тұрғанда мүлде басқа мағынада қолданылуы мүмкін. Оларды тек басқа сөз табымен тіркесе келгенде анықтауға болады. Мәселен «алу» және «беру» етістіктерін алып қарайтын болсақ: «қолға алу», «жүк алу», «тауар алу», «кеңес алу», «білім алу» немесе «рұқсат беру», «мүмкіндік беру», «жауап беру», «үміт беру», «шабыт беру» және т.с.с. мағыналары өте көп.

Мағына қаншалықты күрделі болмасын жалаң, тек өздері ғана өмір сүрмейді. Мағынаны көзбен көруге, қолмен ұстауға болмаса, олардың арасындағы байланыстарды да адамдардың сезім мүшесі тікелей қабылдай алмайды. Мағынаның өмір сүру формасы сөз болса, мағыналардың арасындағы түрлі байланыстарды, қарым-қатынастарды сөздер арқылы, сөздердің байланыстары арқылы беруге болады. [1,165 б.] Мақалада қарастырылған «Қорқыт ата кітабының» алғашқы жыры – «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жырдың» 4 нұсқасында (1986 жылы орыс тілінен аударылған Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаевтың нұсқасы, 1993 жылғы жарыққа шыққан Әнуар Дербісәлиннің нұсқасы, 1969 жылы Ыстамбул қаласынан шыққан нұсқадан 1994 жылы тікелей түркі тілінен аударылған Б.Ысқақовтың нұсқасы, 2019 жылғы қазақша транскрипцияланған М.Жолдасбеков, Г. Шадиеваның нұсқасы) «беру» етістігі 14 түрлі мағынада қарым-қатынас семантикасында қолданылған (1-диаграмма). Ал «алу» етістігі тек 4 түрлі тіркесте қарым-қатынас мағынасын білдіреді. [2,3,4,5]

1-диаграмма.

Жырдағы "алу-беру" етістіктерінің қолданылу жиілігі



Бұдан шығаруға болатын қорытынды қарым-қатынас етістіктері мәдениеттің белгілі бір құндылықтарын қалай көрсететінін анықтай алады. Қарым-қатынас жалпы алу мен беруден тұрады десек, түркі қоғамында Қорқыт өмір сүрген дәуірдің өзінде үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің маңызды мәдени код болғандығын білдіреді, әрі жаугершілік заманда «берудің» «алудан» көп болуы бүгінгі бізге үйрену керек қасиет.

Ғасырларды көктеп өтіп бізге жеткен Қорқыт ата жырлары, ең алдымен, елді ел етіп сақтап қалудың қамын толғайды. Батырлықты, бір сөзділікті, ел мүддесі жолында жанын беруге даяр жанпидалықты өсиет етеді барша түрік жұртына. [6,7 б.]

Жырдағы қарым-қатынас етістіктері діни немесе рухани рәсімдермен де байланысты. Мысалы, «қарғау» етістігі «жек көру», «жамандық тілеуден» өзге «құрметтемеу» мағынасын да білдіреді: «Ұлы-қызы бірдей жоқ адамдар болса, олар қараша үйлерге кіргізілсін, астына қара құрым киіз төселіп, жейтін асына қара қойдың еті берілсін, жесе-жесін, жегісі келмесе орнынан тұрып кете берсін...Ұлы жоқ, қызы жоқ адамдар тәңірінің қарғысына ұшыраған адамдар. Оларды біз де қарғауымыз керек». [2,3,4,5] Бұл қарым-қатынас етістігіндегі мәдени кодты былай түсіндіруге болады: «Жаратқанның өзі перзент бермеген болса, біздің де беретініміз жоқ, құдай сыйламаған адамды сыйламауға болады. Демек, құдырет иесінің қарым-қатынасына қарап адамдармен байланысуды жөн көреміз». Немесе қарым-қатынас етістіктерінің эпостық мәтіндегі тұрақты тіркестерде қолданылуы оғыздардың дүниетанымын тереңірек түсінуге көмектеседі. Мысалы, жоғарыда берілген үзіндідегі «ақ/қызыл/қара үйге кіргізу» (басқа нұсқаларында ақ/қызыл/қара отауға қондыру; ақ/қызыл/қара тудың астына жайғастыру деп беріледі) тіркесі Тәңірі мен адам арасындағы қарым-қатынас нәтижесінде орнатылған қарым-қатынастың дәрежесін білдіреді. Сонымен қатар, жырдағы қарым-қатынас етістіктері арқылы дәстүрлі жоралғылар мен салттардың қалай көрініс тапқанын анықтауға болады. Мысалы, «ат қою» етістігінің қолданылу орны ерекше. Балаға тек құрмет пен атақ келгенде, қан шығарып ерлік жасағанда ғана ат қойылғандығын: Бұқашжан он беске толғанда Баяндүр ханның өгізін өлтіргені үшін сонда отырған құрметті кісілер «Шақырындар мұнда Қорқыт атаны, мына балаға ат қойсын. Баланы әкесіне алып барып айтыңдар, баласына тағын беріп, бек етсін» деген жолдардан түсінеміз.

Тіл халықтың әлеуметтік өмірін ғана бейнелеп қоймайды, сонымен бірге оның мәдени дамуы мен кезеңдері де тілде көрініс табады. Бұл дегеніміз – халықтың мәдени деңгейі оның тілінің даму деңгейімен өлшенеді деген сөз. [7,16 б.] Хан мен бек, бек пен жұбайы, әке мен бала, ана мен бала, хан мен нөкерлері арасындағы өзара қарым-қатынастарды бейнелейтін етістіктерді М.Оразовтың топтастыруы бойынша берілген кестеден (2-диаграмма) көруге болады. Анықталған 69 қарым-қатынас етістіктерінің 30-ы (44%) құрметтеу тобына жататындығына баса назар аударатын болсақ Қорқыт ата жырлаған «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жырда» қоғамның қандай құндылықтарды ұстанғанын көре аламыз.

2-диаграмма.



1-кесте. «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жырындағы» қарым-қатынас етістіктерінің қолданылу орны мен тізімі

№	Қарым-қатынас етістіктерінің сөз тіркестерінде берілуі	Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев 1986 орыс тілінен	Ә.Дербісәлин 1993	Б.Ысқақов 1994 түркі тілінен	М.Жолдасбеков, Г.Шадиева 2019	М.Оразовтың топтастыруы бойынша	Топтастыруда жоқ
1	азат ету		+	+		меншіктеу, тәуелдеу етістіктері	
2	ақ отауға қондыру		+	+		құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
3	ақ тудың астына жайғастыру				+	құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
4	ақ үйге кіргізу	+				құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
5	ақылын алу	+				құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
6	алдына мал салу				+	құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
7	алдынан шығу	+		+	+	амандасу, қоштасу етістіктері	
8	алып беру			+		меншіктеу, тәуелдеу етістіктері	
9	ат қою		+			бастыру, бағындыру етістіктері	
10	ат қою	+	+	+	+	құрметтеу, қадірлеу етістіктері	

11	ат мінгізу				+	құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
12	әмір ету				+	бастыру, бағындыру етістіктері	
13	бақтыруға беру	+				құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
14	бата беру	+			+	құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
15	бек ету	+				құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
16	бек сайлау				+	құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
17	бектік әперу (алып беру)		+			құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
18	бектік беру			+		құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
19	билік беру			+		құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
20	босатып алу				+		азат ету, босату етістіктері
21	бұйрық беру	+				бастыру, бағындыру етістіктері	
22	бұйыру	+				бастыру, бағындыру етістіктері	
23	даярларға беріп сақтау		+			құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
24	еншісін беру				+	құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
25	жазасын беру	+				бастыру, бағындыру етістіктері	
26	ішінде бар болу		+			меншіктеу, тәуелдеу етістіктері	
27	ішінде кету	+		+		меншіктеу, тәуелдеу етістіктері	
28	көз салмау				+	құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
29	көну	+				бағыну етістіктері	

30	көтеру		+			құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
31	қара киіз жаю				+		құрметтем еу, қадірлеме у етістіктері
32	қара киіз төсеу	+	+				құрметтем еу, қадірлеме у етістіктері
33	қара қойдың етін беру	+					құрметтем еу, қадірлеме у етістіктері
34	қара қойдың етін тарту		+		+		құрметтем еу, қадірлеме у етістіктері
35	қара қойдың етінен табақ тарту			+			құрметтем еу, қадірлеме у етістіктері
36	қара отауға қондыру		+	+			құрметтем еу, қадірлеме у етістіктері
37	қара тудың астына жайғастыру/оты рғызу				+		құрметтем еу, қадірлеме у етістіктері
38	қара үйге кіргізу	+					құрметтем еу, қадірлеме у етістіктері
39	қарамау	+				құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
40	қарғау	+	+	+			құрметтем еу, қадірлеме у етістіктері
41	қарсы алу	+		+		амандасу, қоштасу етістітері	
42	қолында қалдыру	+				меншіктеу, тәуелдеу етістіктері	

43	қонақ қылу		+	+		құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
44	қос қолымен итеру	+				бастыру, бағындыру етістіктері	
45	қош келу	+				амандасу, қоштасу етістіктері	
46	қошемет көрсету	+				құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
47	қызыл отауға қондыру		+	+		құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
48	қызыл тудың астына жайғастыру				+	құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
49	қызыл үйге кіргізу	+				құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
50	қырып бітіру	+				бастыру, бағындыру етістіктері	
51	лап қою	+				бастыру, бағындыру етістіктері	
52	мақтау айту		+			құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
53	налу				+		бағынбау етістіктері
54	олжалау	+				меншіктеу, тәуелдеу етістіктері	
55	орындау	+				бастыру, бағындыру етістіктері	
56	өкшенің астына салу		+			бастыру, бағындыру етістіктері	
57	сәлем айту	+				амандасу, қоштасу етістіктері	
58	біреуде кету (кетер)		+			меншіктеу, тәуелдеу етістіктері	
59	серт беру		+			құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
60	соғыс ашу			+		бастыру, бағындыру етістіктері	
61	сөзіне сену		+			құрметтеу, қадірлеу етістіктері	

62	табанына салып басу		+			бастыру, бағындыру етістіктері	
63	тағын беру	+		+		құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
64	тақты алып беру		+			құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
65	тию	+				бастыру, бағындыру етістіктері	
66	тілегі қабыл болу	+				құрметтеу, қадірлеу етістіктері	
67	тұтқын ету	+				меншіктеу, тәуелдеу етістіктері	
68	тұтқындау		+			меншіктеу, тәуелдеу етістіктері	
69	шабу	+				бастыру, бағындыру етістіктері	

Қорытынды. Адам жақсы, жаман қасиеттерді тікелей сезім арқылы қабылдай алмайды, бірақ көп жылдық тәжірибе, адамдар арасындағы қарым-қатынас нәтижесінде бір адам екінші бір адамға (не затқа) баға беріп, жақсы, жамандығын анықтайды. [1,77 б.] Қарым-қатынас етістіктерінің семантикасын талдау Қорқыт ата кітабының тілдік және мәдени ерекшеліктерін ашып қана қоймай, қазақ және түркі халықтарының рухани құндылықтарын зерттеуге жаңа көзқарас ұсынады. Сонымен қатар, қарым-қатынас мәдениетінің эволюциясын түсінуге көмектеседі.

Жырда қолданылған «беру» және «алу» етістіктері семантикалық өрісінің әртүрлілігі оғыз мәдениетінің негізгі құндылықтарын бейнелейді. «Беру» етістігінің жиі қолданылуы түркі қоғамындағы үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу және ізеттілік мәдениетін айқын көрсетеді. Ал «алу» етістігінің шектеулі тіркестерде қолданылуы қоғамның материалдық құндылықтарға емес, рухани байлыққа көбірек мән бергенін білдіреді. Қарым-қатынас етістіктерінің семантикасын зерттеу тек тілдік құрылымды ғана емес, түркі халықтарының дүниетанымын, қарым-қатынас мәдениетін және олардың ғасырлар бойы сақталып келген рухани құндылықтарын зерттеуге жаңа көзқарас береді. Қорқыт ата жырларындағы қарым-қатынас етістіктері қазіргі қазақ тіліндегі қарым-қатынас мәдениетінің негізін құрай отырып, ұрпақтар сабақтастығын көрсетеді.

Осы зерттеу нәтижелері болашақта түркі әдебиеті мен мәдениетінің лингвистикалық ерекшеліктерін тереңірек зерттеуге жол ашады. Ғасырлар бойы сақталған бұл мұралар бізді бүгінгі күннің мәдени-рухани сұрақтарына жауап іздеуге шабыттандырады.

Әдебиеттер

1. М. Оразов. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, Рауан, 1991. – 216 б.
2. Ә. Қоңыратбаев, М. Байділдаев. Қорқыт ата кітабы. – Алматы, Жазушы, 1986. – 128 б.
3. Ә. Дербісәлин. «Қорқыт ата: оғыздардың батырлық эпосы». – Алматы, 1993. – 63 б.
4. Б. Ысқақов. «Қорқыт ата кітабы». – Алматы, 1994. – 157 б.
5. М. Жолдасбеков, Г. Шадиева. Қорқыт ата кітабы: Дрезден нұсқасында. – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2019. – 687 б.
6. "Қорқыт Ата" энциклопедиялық жинақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 812 б.
7. Сферанский Е.Е. Культурные коды в сознании и языке: международный сборник научных трудов по лингвокультурологии. – Самара, 2015. – 232 б.